

Ресми рецензент, филология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор А.В. Танжарикованың «6D020500 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін Обаева Гульнара Садуакасовнаның «Ғ.Мүсіреповтің көркем шығармаларындағы фольклорлық мотивтер» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттаға сәйкестігі (жауап нұсқалардың біреуін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сай болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен номерін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) <u>диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u></p>	<p>«Ғ.Мүсіреповтің көркем шығармаларындағы фольклорлық мотивтер» деген тақырыпқа жазылған диссертация Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламасына сәйкес орындалған:</p> <p>1) «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласы (І. Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт, 21.11.2018 ж.).</p> <p>2) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (12.10.2021 ж., №726).</p> <p>3) Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (16.10.2023 ж., №914).</p> <p>4) «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы (12.10.2021 ж., №724).</p>

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/ қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ ашылмаған.	<p>Диссертант Г.С. Обаева өз зерттеуі барысында әдебиеттану саласын фольклор аясында зерттелуін «фольклорлық мотивтер» негізінде қарастыру арқылы әдебиет пен фольклор байланысын зерттеуге елеулі үлесін қосып, Ғ. Мүсірепов шығармашылығы негізінде фольклорлық мотивтердің көркемдік ерекшеліктерін талдап, аталған ғылыми зерттеу жұмысының ғылымға маңыздылығын толық ашып көрсеткен. Зерттеуші әдебиет пен фольклор байланысында анықталатын фольклорлық мотивтерді Ғ. Мүсірепов шығармашылығы аясында алғаш рет қарастырған. Фольклорлық мотивтердің қолданылу ерекшеліктерін, қолданылу жиілігін, қолданылу деңгейін айқындау мақсатында контент талдау әдісі; жасырын, астыртын қолданылған фольклорлық мотивтерді айқындауда интерпретациялық талдау әдісі; постмодернизм мен фольклор байланысын анықтауда дискурстық талдау, сауалнама сынды әдістер негізге алынып, фольклорлық мотивтер мәселесі жан-жақты қарастырылған. Көркем шығармада фольклордың қолданыс табуы фольклорлық дәстүрлермен (23-бет), жазушының көркемдік әлемінің көрінісімен (24-бет), көркем шығармадағы әдеби-фольклорлық байланыстардың фольклорлық контекст аясында жүзеге асуымен (25-бет) анықталған. Диссертант фольклорлық мотивтерді анықтамас бұрын әдебиеттану ғылымында бұрын-соңды қолданылып жүрген «фольклоризм» ұғымын қарастырады. Зерттеуші Р.Бендикс (26-бет) қарастырған «жалған фольклор» немесе «бастапқы контекстен тыс фольклор» деген атауын; Зерттеуші М.К. Азадовский ұсынған «фольклоризм» атауларын салыстыра отырып, «фольклоризм» атауының тарихи дамуын көрсеткен. Зерттеуші «фольклорлық мотивтер» ұғымын «әдебиеттің фольклорлық концепциясы» аясында қарастырып, фольклордағы поэтикалық суреттеулер, образдар, сюжеттік желілер ұғымдарымен байланыста анықтайды. Диссертант контент талдау, интерпретациялық талдау әдістері аясында анықтаған фольклорлық мотивтер (55-72 беттер) халық әдебиетімен терең сусындаған қаламгер Ғ.Мүсіреповтің шеберлігін, табиғи дарынын көрсетеді. Зерттеу нәтижелері фольклортану, әдебиеттану салаларын дамытуда</p>
----	------------------------	---	---

			айтарлықтай үлес қоса алады және маңызды деп санаймыз, диссертацияда маңыздылығы нақты ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Обаева Гульнара Садуакасовнаның өзі жазу деңгейі жоғары, академиялық жазу қағидаттары мен стилін меңгерген, өзіндік аналитикалық, сыни пікірі бар, ғылыми тілі жатық. Өзінің субъективті пайымдауларын бере отырып, ғылыми тұжырымдарды айқындап, зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдей алған. Диссертанттың қорғауға ұсынып отырған тұжырымдары фольклорлық мотивтердің фольклорлық контекстегі маңыздылығын ғана емес, бүгінгі әдеби үдеріспен тығыз байланыста екенін көрсетеді. Осыған сәйкес студенттер арасында жүргізілген дискурстық талдау нәтижелерінен көрінеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен негізделген. Фольклорлық мотивтердің көркем шығармада қолданылуы қаламгердің фольклорлық контекстегі этнографиялық деректерді, мифологиялық сюжеттерді, фольклорлық образдарды терең білетінін көрсетеді. Мәдени контексте әдебиет пен фольклор жаңашылдықтың жалғастық табуымен анықталады. Осы ретте диссертация тақырыбы фольклорлық мотивтердің бүгінгі таңдағы жаңашылдығы әдеби үдеріспен байланысын анықтаумен, Ғ.Мүсірепов шығармаларындағы фольклорлық мотивтердің әдебиет пен фольклорлық генетикалық байланысын көрсетуімен өзекті.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды және қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдар ғылыми зерттеу жұмысының мазмұнына сай жүзеге асырылған. Диссертация тақырыбы да, мазмұны да фольклорлық мотивтердің көркем шығармадағы көркемдік ерекшеліктерін, әдебиет пен фольклор байланыстарын зерттеуге бағытталған. Диссертациялық жұмыстағы берілген үш бөлім фольклорлық мотивтердің зерттелуін жан-жақты қарастырады. Бірінші бөлімде Ғ.Мүсіреповтің драмалық шығармаларындағы фольклорлық мотивтердің берілуі талданған. Фольклорлық контекстегі этнографиялық деректер қарастырылған. Қаламгердің драмалық туындыларындағы түс көру, мифопоэтикалық, тектілік, шешендік сөз, жар іздеу, ғажайып қолдаушы секілді

		<p>фольклорлық мотивтер мен кейіпкерлер әлеміндегі фольклорлық дәстүр мәселесі жүйеленген.</p> <p>Екінші бөлімде диссертация тақырыбының мазмұнына сай жазылған әрі тақырыптың зерттеу арнасын дамыта түседі. Ғ.Мүсіреповтің прозалық шығармаларындағы фольклорлық мотивтер талданып, негізгі қызметі тақырыптық-идеялық, сюжеттік талдау аясында көрінеді. Көркем шығармада қолданудың маңызы мысалдармен тұжырымдалған. Аңыздық, ертегілік, мифтік сюжеттердің қызметі, пайдаланудағы стильдік даралығы анықталды, жазушы шеберлігін айқындаудағы ерекшеліктері фольклорлық образдардың мифтік деңгейде берілуімен, фольклор кейіпкерлердің тарихи маңызымен стильдік даралығымен айқындалған.</p> <p>Үшінші бөлімде фольклорлық мотивтердің әдебиет пен фольклор байланысының қазіргі әдеби үдерістегі дамуын көрсетеді. Студенттер арасында жүргізілген эксперимент әдісі фольклорлық мотивтердің бүгінгі әдеби үдеріспен тығыз байланысын көрсетеді. Фольклорлық мотивтер әдебиет пен фольклор арасындағы генетикалық байланысты күшейтіп, жаңа әдеби үдерістің қалыптасуына өзіндік үлесін қосқаны теориялық тұрғыда, эксперимент жүзінде дәлелденген.</p> <p>Қорытындылай келе, диссертациялық жұмыс тақырыптың мазмұнын толық ашады.</p>	<p>фольклорлық мотивтер мен кейіпкерлер әлеміндегі фольклорлық дәстүр мәселесі жүйеленген.</p> <p>Екінші бөлімде диссертация тақырыбының мазмұнына сай жазылған әрі тақырыптың зерттеу арнасын дамыта түседі. Ғ.Мүсіреповтің прозалық шығармаларындағы фольклорлық мотивтер талданып, негізгі қызметі тақырыптық-идеялық, сюжеттік талдау аясында көрінеді. Көркем шығармада қолданудың маңызы мысалдармен тұжырымдалған. Аңыздық, ертегілік, мифтік сюжеттердің қызметі, пайдаланудағы стильдік даралығы анықталды, жазушы шеберлігін айқындаудағы ерекшеліктері фольклорлық образдардың мифтік деңгейде берілуімен, фольклор кейіпкерлердің тарихи маңызымен стильдік даралығымен айқындалған.</p> <p>Үшінші бөлімде фольклорлық мотивтердің әдебиет пен фольклор байланысының қазіргі әдеби үдерістегі дамуын көрсетеді. Студенттер арасында жүргізілген эксперимент әдісі фольклорлық мотивтердің бүгінгі әдеби үдеріспен тығыз байланысын көрсетеді. Фольклорлық мотивтер әдебиет пен фольклор арасындағы генетикалық байланысты күшейтіп, жаңа әдеби үдерістің қалыптасуына өзіндік үлесін қосқаны теориялық тұрғыда, эксперимент жүзінде дәлелденген.</p> <p>Қорытындылай келе, диссертациялық жұмыс тақырыптың мазмұнын толық ашады.</p>
	<p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді</u>;</p> <p>2) ішінара сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Ғылыми зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыстың мақсаты – Ғ.Мүсіреповтің көркем шығармаларындағы фольклорлық мотивтердің қолданылу ерекшелігін талдау арқылы жазушы шеберлігінің негізін анықтау. Аталған мақсатқа сәйкес анықталған міндеттер зерттеу тақырыбына толығымен сәйкес келеді, ғылыми зерттеу жұмыста нақты тұжырымдалған. Зерттеу барысында барысында диссертант қойылған мақсат-міндеттерге толық қол жеткізген.</p>	<p>Ғылыми зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыстың мақсаты – Ғ.Мүсіреповтің көркем шығармаларындағы фольклорлық мотивтердің қолданылу ерекшелігін талдау арқылы жазушы шеберлігінің негізін анықтау. Аталған мақсатқа сәйкес анықталған міндеттер зерттеу тақырыбына толығымен сәйкес келеді, ғылыми зерттеу жұмыста нақты тұжырымдалған. Зерттеу барысында барысында диссертант қойылған мақсат-міндеттерге толық қол жеткізген.</p>
	<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан</u>;</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады. Ғылыми зерттеу жұмыста диссертант аталған</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады. Ғылыми зерттеу жұмыста диссертант аталған</p>

		<p>2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.</p>	<p>бөлімдердің мазмұнын логикалық жағынан байланыстырып, жүйелі түрде бөлімдердің ішінара мазмұндық байланысуын қадағалаған.</p> <p>Обаева Гульнара Садуақасовна өзіндік пікірін білдіретін сыни талдау бірнеше жерде көрінеді. 1) «фольклорлық мотив» ұғымын нақтылауда Р.Бендикс, М.К. Азадовский, Г.Мозер, М.Д. Фостер, Г.Шмидхенс, С.П. Истенич, Х.Баузингер сынды т.б. ағылшын, орыс, қазақ зерттеушілерінің пікірлерін негізге ала отырып, «қаламгердің фольклорға қатынасын» маңызды аспект ретінде талдайды.</p> <p>2) Әдебиеттану ғылымындағы фольклордың әдебиетке көркемдік ықпалын зерттеген Қ.Байтанасова, Ж.Айтмұханбетова, Б.Қанарбаева, Ж.Ахметова, М.Әбдуов, Ж.Қобланов зерттеушілердің зерттеу еңбектерін негізге ала отырып, Ғ.Мүсірепов шығармаларындағы фольклорлық мотивтер фольклорлық, этнографиялық компоненттер аясында зерттелген.</p> <p>3) Фольклорлық мотивтер фольклорды жаңа әдеби үдеріспен байланыстырып, жаңа әдеби даму тенденциясын қалыптастырады. Атап айтар болсақ, Дж.Дортс пен С.Биннэй деген зерттеушілер қарама-қарсы пікірлерін келтіре отырып, постмодернизм фольклор байланысы фольклорлық мотивтер негізінде жүзеге асатынын дәлелдеген.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары толығымен жаңа. Жаңа болуы ғылыми зерттеу жұмысында фольклорлық мотивтердің фольклор мен постмодернизм байланысын айқындауда көрінеді. Қазіргі әлем әдебиетінде жаңа әдеби үдеріс саналатын «постмодернизм» бағыты барша зерттеушілердің назарын аудартуда. Зерттеуде постмодернизм мен фольклор байланысы алғаш рет дискурстық негізде талданып, соның негізінде фольклорлық мотивтердің көркем шығармадағы қызметі айқындалған. Бұған дейін зерттеушілердің фольклор мен постмодернизм байланысы жөніндегі пікірлері екіге бөлініп, нақты пікірлер қалыптаспаған еді. Осы орайда зерттеушінің жүргізген зерттеуі, теориялық ізденістері постмодернизмнің бүгінгі таңда фольклордың жалғасы екені аллюзия, реминисценция, интермәтінділік, симулякр, пародия, ризома, пастиш ұғымдары негізінде талданған.</p>

		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Ғылыми жұмыста алынған алты қорытынды толығымен жаңа. Бірінші тұжырымда феномендік құбылыс ретінде танылған фольклордың көркем шығармада көрініс беруі фольклоризм, фольклорлық дәстүр, фольклорлық мотив ұғымдары анықталады. Соның ішінде көркем шығармада көркемдік қабылдауды күшейтіп, идеяның немесе образдың жеткізілуі фольклорлық мотив ретінде тұжырымдалуы жаңа деп есептейміз. Фольклорлық мотивтердің авторлық ұстаным аясында көрініс тауып, ұлттық дүниетаным мен халықтық таным ерекшеліктерінің айқындалуы әрі эстетикалық көзқарастарды қалыптастыруы – жаңа тұжырым. Ғ.Мүсірепов шығармаларын контент талдау, интерпретациялық талдау әдістері нәтижесінде анықталған түс көру мотиві, мифопоэтикалық сарын, драмалық тартыс, тектілік мотиві, шешендік сөз мотиві, фольклорлық кейіпкерлер мотиві, жар таңдау мотиві, ғажайып қолдаушы мотиві, батырлық мотиві, күшті адам мотивтері мифтік санада қалыптасқан, фольклорда тұрақталған образдардың көркем шығармада көрініс табуын көрсетуі – жаңаша тұжырым. Төртінші тұжырымда Ғ.Мүсірепов шығармаларында фольклорлық мотивтер қолданылғанда туындының көркемдік деңгейі: архаикалық сарын, этнографиялық деректер деген екі аспекті негізінде жоғарылайтыны анықталған. Келесі тұжырымда Ғ.Мүсірепов шығармаларындағы фольклорлық мотивтердің аңыздық, мифтік, ертегілік сюжеттер аясында қалыптасып, этно-генетикалық, тарихи-әлеуметтік сипаттары негізінде көрініс табатыны айқындалған. Соңғы тұжырымда постмодернизм мен фольклор байланысы анықталған. Фольклордан бастау алатын образдар жүйесі өзгеріске ұшырап, симулякр ретінде; сол күйінде бейнеленіп реминисценция ретінде; тікелей фольклорлық мұралардан алынған сілтеме цитата; тұспал, жасырын мағына аллюзия ретінде; фольклорлық үлгіге тән сықақтау пародия ретінде; шытырман оқиға желісіне құрылған композициялық құрылым ризоматикалық құрылым ретінде қарастырылуы фольклорлық мотив аясында жүзеге асуы – жаңа</p>
--	--	---	---

			<p>тұжырым. Сонымен бірге студенттер арасында жүргізілген сауалнама әдісі нәтижесінде постмодернизм мен фольклор байланысы фольклорлық мотивтер көркем шығарманың идеялық жүгін арттырады, ұлттық құндылықтардың көркем шығармада берілуі, ұлттық дәстүрлердің жаңа үрдісте көрініс табуы, фольклорлық мотивтердің әлем әдебиеті тенденциясын қалыптастыру деген қорытындылар жасалған.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диagramмалық талдау жасау үшін алынған мәліметтерді өңдеу және визуализация жүргізілді. Diagramмаларды құрастыру үшін IBM Cognos Insight бағдарламасы мен оның мәліметтерді визуализациялауға арналған кітапханалары (Matplotlib) қолданылған.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/</u> негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	<p>Ғылыми зерттеу жұмыстағы негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан әдеби, фольклорлық мотивтер, интерпретация, дискурстық талдау нәтижелерімен негізделген. Теориялық тұжырымдар зерттеу бағытына сәйкес ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде жүзеге асқан. Диссертант өз тарапынан жасалған тұжырымдары мен қорытындыларын ғылыми практикалық тұрғыда дәлелдер келтірілген. Анығырақ айтатын болсақ, F. Мүсірепов шығармашылығындағы фольклорлық мотивтердің постмодернизммен байланысын анықтауда 375 студент арасында эксперимент әдісі жүзеге асты. Соның ішінде 57% студенттер фольклорлық мотивтердің әлем әдебиетімен байланысын, 28,8% фольклорлық мотивтердің шығарманың көркемдік құрылымын күшейтудегі үлесінің зор екенін көрсетеді. Осылайша F. Мүсірепов шығармашылығында анықталған фольклорлық мотивтер әдебиет пен фольклор байланысын генетикалық деңгейден жаңа деңгейге көтеріп, даму тенденциясын қалыптастырады. Осы негізде фольклортану мен әдебиеттану ғылымдарының дамуы жаңа сатыға көтерілгенін көреміз.</p>

7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u>.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Қорғауға шығарылған негізгі ережелер:</p> <p>1-тұжырымда көркем шығармада фольклордың көрініс табуы «фольклоризм», «фольклорлық дәстүр», «фольклорлық мотивтер» ұғымдары аясында анықталатыны талданып, туындыдағы көркемдік қабылдауды күшейтіп, идеяны немесе образды нақтылы айқындайтын «фольклорлық мотивтер» ұғымы негізге алынды. Әдебиетте фольклорлық элементтердің қолданылуы, шығарманың поэтикалық қуатын күшейтіп, сюжеттік, мотивтік-композициялық аспектілер «фольклоризм» ұғымын нақтылай түсуі интерпретациялық талдаулар негізінде дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.</p> <p>2-тұжырымда Ғ.Мүсіреповтің драмалық, прозалық шығармаларындағы фольклорлық мотивтер ретінде: түс көру мотиві, мифо-поэтикалық сарын, драмалық тартыс, тектілік мотиві, шешендік сөз мотиві, фольклорлық кейіпкерлер мотиві, жар таңдау мотиві, ғажайып қолдаушы мотиві, батырлық мотиві, күшті адам мотиві анықталған. Фольклорлық мотивтерді жан-жақты талдауда, пайдалану ерекшеліктерін ажыратуда, қолдану деңгейі мен қолданылу жиілігін айқындауда контент талдау әдісі, интерпретациялық әдіс негізге алынды. Нәтижесінде Ғ.Мүсірепов шығармашылығындағы фольклорлық мотивтердің дәстүр жалғастығы мен автор тарапынан енген өзгерістер екені анықталған. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.</p> <p>3-тұжырымда көркем шығармада фольклорлық мотивтердің қолданылуы аңыздық, ертегілік, мифтік, этнографиялық сюжеттер аясында жүзеге асып, туындының идеялық-көркемдік деңгейі көтерілетіні айқындалған. Көркем прозада фольклоризмнің кеңінен қолданылуы этно-генетикалық, тарихи-әлеуметтік сипаттарымен байланысты. Ғ.Мүсірепов шығармашылығындағы фольклорлық сюжеттер мотиві ретінде идеялық-эстетикалық аспектіде жазушының көркемдік әлемінің жүйесі тұжырымдалған. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.</p> <p>4-тұжырымда Ғабит Мүсіреповтің шығармаларында мифтік кейіпкерлерді тікелей емес, жанама түрде, тілдік көркем құралдар</p>
----	--	--	--

			<p>арқылы көрсетіп, олардың символикалық мәнін терең түсінуге талпыныс жасайды. Мифтік санадағы фольклорлық кейіпкерлер пері, дәу, жалмауыз кемпір, мыстан кемпір, т.б. дәстүр жалғастығымен шығармаға енгізілсе де, автор тарапынан белгілі бір образды таныту құралы ретінде көрінетіні анықталған. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.</p> <p>5-тұжырымда жазушы шығармаларындағы фольклорлық жанрлардың өзіндік интерпретациясы автордың шеберлігін айқындайтын маңызды аспект ретінде танылған. Жазушының шығармаларында фольклорлық жанрларды қолдану (оның ішінде мақал-мәтелдер, шешендік сөздер мен лирикалық әндер, т.б.) интермәтіндік байланыстарды қалыптастыратыны дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.</p> <p>6-тұжырымда Ғ.Мүсірепов шығармашылығындағы фольклорлық мотивтерді постмодернистік бағытта анықтау цитата, аллюзия, реминисценция, интермәтінділік, пародия, симуляция, ризоматикалық құрылым ұғымдарын алдыға шығарды, әрі бүгінгі қазақ әдебиетіндегі постмодернистік бағыттың беталысы жөнінде тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.</p> <p>Ұсынылып отырған ғылыми зерттеу жұмысының негізгі қорытындылары әдебиет пен фольклор байланысы жөніндегі ғылыми-теориялық зерттеулерге талдау жасау арқылы айқындалып, зерттеу бағыттары анықталған. Осы негізде фольклор мен әдебиет, фольклор мен постмодернизм байланыстары фольклорлық мотивтерді талдау арқылы дәлелденген.</p> <p>7.5 Диссертация мазмұны бойынша ҚР ҒжЖБМ-нің білім және ғылым саласы бойынша бақылау комитеті ұсынған басылымда 5 мақала және халықаралық және практикалық конференцияларда 8 мақаланың басылуымен расталады.</p>
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>иә</u> ;	Диссертациялық жұмыстың әдіснамасын таңдау фольклорлық мотивтерді талдаудың жүйелігімен байланысты жүзеге асты. Ғылыми зерттеу жұмысының зерттеу әдістері ретінде төмендегілер таңдалды: бақылау, сипаттау, талдау, синтездеу, жалпылау сияқты

		<p>2) жоқ.</p>	<p>жалпы ғылыми әдістер; фольклорлық мотивтердің көркем шығармадағы қолданылуына, халық дүниетанымындағы маңызын анықтауға, танымдық әрі тәрбиелік мәнін саралауға бағытталған әдеби-тарихи, тарихи-салыстырмалы, типологиялық, объективті-аналитикалық талдау әдістері; фольклорлық мотивтердің қолданылу ерекшеліктерін, қолданылу жиілігін, қолданылу деңгейін айқындау мақсатында контент талдау әдісі; жасырын, астыртын қолданылған фольклорлық мотивтерді айқындауда интерпретациялық талдау әдісі; постмодернизм мен фольклор байланысын анықтауда дискурстық талдау әдісі, сауалнама, дискурстық тәжірибе.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) иә; 2) жоқ.</p>	<p>Сауалнама нәтижелері алынғаннан кейін, диаграммалық талдау жасау үшін алынған мәліметтерді өңдеу және визуализация жүргізілді. Диаграммаларды құрастыру үшін <i>IBM Cognos Insight</i> бағдарламасы мен оның мәліметтерді визуализациялауға арналған кітапханалары (<i>Matplotlib</i>) қолданылған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) иә; 2) жоқ.</p>	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және бөлім тараушасы арқылы расталған (150-166 бб.). Дискурстық талдау әдісі Ш. Муфф, Э. Лакло, З. Харрис, М. Пеше, Ю. Хабермас, Ю. Степанов, Т. Есембек сынды зерттеушілердің пікірлері негізінде жүзеге асқан. Дискурстық талдау студенттер арасында жүргізіліп, фольклорлық мотивтердің фольклор мен постмодернизм әдеби бағытымен генетикалық байланысы көркемдік аспектіде жүргізілетіні практикалық тұрғыда дәлелденген.</p>

		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u>/ ішінара расталған/ расталмаған.</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Ғ.Мүсірепов шығармашылығын арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырған (Т. Нұртазин, Х. Әдібаев, Ж. Молдағалиев, М. Тілеужанов, Ә. Нарымбетов, Ж. Ысмағұлов, Н. Ғабдуллин, Қ. Құттыбаев, М. Бекбергенов, А. Жаназарова, С. Әшімханова, Р. Нұртазина, А. Әлмұратова, Б. Мұратбек, Р. Мейрамғалиева, Ж. Құлыбекова, А. Ибраева, А. Жұмағұлова), әдебиеттану саласы бойынша теориялық және әдіснамалық (В. Белинский, У. Далгат, В. Пропп, М. Бахтин, С. Азадовский, Д. Медриш, М. Әуезов, М. Қаратаев, З. Сейітжанов, Е. Лизунова, Б. Майтанов, К. Матыжанов, Г. Піралиева, Б. Әбілқасымов, А. Мәуленов, Б. Қанарбаева, А. Таңжарықова), әдебиет пен фольклор байланысы (В. Аникин, Ә. Марғұлан, Н. Ғабдуллин, Р. Бердібай, Ш. Елеуқенов, Т. Тебегенов, Ә. Молдаханов, С. Қасқабасов, А. Сейдімбек, С. Негимов, Ж. Дәдебаев, А. Пангереев, Ж. Аймұхамбет, А. Тойшан), постмодернизм үдерісі жайлы (Ю. Кристева, Р. Барт, Ж. Деррида, С. Аверинцев, Г. Сәулембек, Н. Брагина, А. Баженова, С. Шулежкова, Н. Кузьмина, В. McHale, Ю. Гимранова), постмодернизм мен фольклор байланыстары (J.D. Dorst, S. Binney, А. Кубасов, Л. Юзмухаметова, М. Лотман, Т. Есембеков).</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>/жеткіліксіз.</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста шетелдік және отандық авторларды, электрондық дереккөздерді қосқанда 160 әдебиет көзі қолданылған және барлығына сілтемелер диссертациялық жұмыстарды рәсімдеуге арналған талаптарға сай көрсетілген.</p>
<p>9.</p>	<p>Практикалық құндылық қағидаты</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u>; 2) <u>жоқ</u>.</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p>	<p>Диссертациялық жұмыс әдебиеттану, фольклортану салалары, постмодернизм бағыты жайлы жекелей тақырыптық сұрақтарды дамытуға, әдебиет пен фольклор байланысын одан әрі дамытуына үлес қосады.</p> <p>Диссертациядағы фольклорлық мотивтерді жіктеу әдістемесін үлгі ретінде әдеби шығармаларды жан-жақты талдауда, сонымен бірге фольклор мен әдебиет байланыстарын анықтауда, түгелдей теру әдісін</p>

		1) <u>иә</u> ; 2) жоқ.	көркем шығармалардың поэтикасын зерттеуде пайдаланудың практикалық маңызы зор.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыстағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. Ғ.Мүсірепов шығармаларындағы фольклорлық мотивтер алғаш рет қарастырылып отыр.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы; 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған, сонымен бірге ғылыми зерттеу жұмысы диссертацияға қойылатын талаптарға сай жазылған. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен қысқартулар, анықтамалар талапқа сай жасалған.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық жұмыс логикалық түрде жүйелі құрылған, ұсынылған тұжырымдар мен қорытынды нақты берілген, докторанттың диссертациялық жұмысын жоғары бағалай отырып, кемшіліктер кездестірмедім.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторанттың диссертация тақырыбы бойынша 13 жарияланым бар. Оның ішінде ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда 5 мақала, Халықаралық конференциялар жинақтарында 5 мақала, Халықаралық ғылыми журналдарда, жинақтарда 3 мақала жарық көрген. Әр жарияланымның ғылыми деңгейі жоғары.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі		Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Обаева Гульнара Садуақасовнаға «6D020500 –

ереженің 28-тармағына сәйкес)	Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы өтініш білдіремін.
-------------------------------	--

- 1) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Обаева Гульнара Садуақасовнаға «6D020500 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы өтініш білдіру;
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Обаева Гульнара Садуақасовнаның «F. Мүсіреповтің көркем шығармаларындағы фольклорлық мотивтер» атты диссертациясына оң пікірімді бере отырып, қорғауға ұсынуға лайық жұмыс деп есептеймін.

Рецензент:

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті филология факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор
А.В. Танжарикова

25.11.2024

